

«BD020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Шоқай Еркінбек Керімбекұлының «Такфиризм идеологиясы: тарихи қалыптасуы және теологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН-ШКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымды дамыту бағыттарына, нақты айтқанда: «7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер», оның ішінде «7.1. Әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер», соның ішінде «7.1.4. Әлеуметтану, социоллингвистика, саясаттану, дінтану, антропология, этнография, этнология, этносаясат, конфликтология, гуманитарлық география, этносаралық, дінаралық және этноконфессионалдық қатынастардың өзекті мәселелері» және «7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер», оның ішінде «7.2.4. Жалпыұлттық бірлік, дәстүрлер мен діндердің диалогы»; «9. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс», оның ішінде «9.2.4 Терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл» сәйкес келеді.

		<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.</p>
2.	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертацияда тақфиризмнің пайда болуы, өзіндік ерекшеліктері және оның ислам діндегі теологиялық аспектілері талданған. Жұмыста тақфиризмнің тарихи тамырларын ашып

			<p>көрсетіліп, оның қоғамдағы өзгерістерге ықпалы зерделеген. Такфиризмнің негізгі идеологиялық қағидалары мен доктриналары, күпірлікке шығарудың теологиялық негіздері қарастырылған. Жұмыста такфиризм идеологиясының заманауи көріністері мен оның радикализмге әкелетін жолдары кеңінен нақтыланған. Такфиризмнің дамуына әсер еткен тарихи және саяси факторларды анықтауға ерекше назар аударылған. Сондай-ақ, такфиризмнің ислам тарихындағы және отандық діни ахуал контекстерінде туындатқан күрделі мәселелеріне шолу жасала отырып, такфиризм терминінің анықтамасы, оның радикализмге қатысты теологиялық талқылаулары тереңдете зерделеген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың зерттеушінің жеке ізденісіне негізделгені және оның академиялық жоғары деңгейде жазылғаны байқалады. Тараулар аралық логикалық байланыстар мен мәтіннің концептуалды үйлесімділігі айрықша маңызды, бұл зерттеу жұмысының структуралық және мазмұндық сапасын арттырады. Теориялық тұжырымдамалар мен аргументациялардың жүйелі қолданылуы ғылыми дәлелдемелердің беріктігін куәландырады. Ғылыми стильдің дәлдігі, аргументтердің дәлелділігі және баяндау тілінің</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	<p>түсініктілігі нақты қадағаланған. Эмпирикалық зерттеу бөліміндегі әлеуметтік сауалнамаларға арналған сұрақтардың мазмұны ғылыми зерттеу әдіснамасына сәйкестігін білдіреді. Диссертацияның жазылуы ғылыми талаптарға сай, логикалық және концептуалды жағынан ұйымдастырылып, оның мазмұны ғылыми тіл арқылы айқын және түсінікті жеткізілген.</p> <p>Тақфиризм идеологиясының тарихи қалыптасуы және теологиялық аспектілерін зерделеу жұмысы, қазақ қоғамындағы исламтанулық зерттеулердің өзектілігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Осы зерттеудің басты мақсаты – ислам дініндегі радикализмнің бір көрінісі ретінде қарастырылатын тақфиризмнің идеологиялық негіздерін талдау арқылы, діни экстремизмге бейімділіктің алдын алу және дін арқылы жасалатын зорлық-зомбылық актілерінің теологиялық және идеологиялық аспектілерін ашу болып табылады.</p> <p>Қазақстандағы көпмәдениетті және көпконфессиялы қоғамда радикализмнің алдын алуда тақфиризм идеологиясының зерттелуі өте маңызды. Тақфиризм, оның тарихы мен теологиялық сипаттамалары жөніндегі тереңдетілген талдау қазіргі заманғы исламтанудағы аса маңызды бағыттардың бірін</p>
----	----------------------	--	--

құрайды. Ол ислам дінінің радикалды ағымдарының әлеуметтік, мәдени және психологиялық факторларын ашуға көмектеседі. Сондай-ақ, тақфиризмнің зерттелуі, ислам дініндегі басқа да ағымдармен салыстырмалы түрде оның ерекшеліктерін және оған байланысты қауіп-қағерлерді тануға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу, сондай-ақ, қазақстандық исламтанушылар үшін исламның ортақ құндылықтарын насихаттау және радикализмнің алдын алу стратегияларын жасаудағы негізгі құралдардың бірі ретінде қызмет етеді. Зерттеу нәтижелері қазақстандық ғалымдар мен дін мамандары үшін, сондай-ақ қоғамдағы діни аралас сан алуан топтар арасындағы түсіністік пен татулықты нығайтуға үлес қосады. Осылайша, тақфиризм идеологиясының тарихи қалыптасуы мен теологиялық аспектілерін талдау арқылы жасалған зерттеулер, қазақ қоғамындағы исламтанулық зерттеулердің өзектілігін арттырады және ғылыми диалогқа бағытталған түсініктерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>айқындайды;</b></li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыс зерттеу тақырыбын ашып көрсету үшін жоспарланған мазмұны мен құрылымына ие. Жұмыс кіріспе, екі негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Бірінші бөлімде «тәкфирлік» ұғымының тарихи пайда болуы, оның қалыптасуының алдын ала шарттары және діни-құқықтық аспектілері қамтылған, бұл бөлім үш тараушадан тұрады. Екінші бөлімде «тәкфирлік» ұғымының теологиялық бет-бейнесі мен Қазақстандағы бейнеленуі зерделенеді, бұл бөлім де үш тараушадан тұрады. Диссертацияның әр бөлімі мен тараушасы зерттеу тақырыбын кеңінен және кезең-кезеңімен жеткізеді. Кіріспеде зерттеудің маңыздылығы, мақсаттары, міндеттері, ғылыми жаңалықтары мен практикалық маңыздылығы туралы айтылады. Бөлімдер мен тараушаларда тәкфирлік ұғымының мәні, тарихи қалыптасуы, теологиялық негіздері және Қазақстандағы көріністері толыққанды зерттеледі. Қорытындыда зерттеудің нәтижелері бағаланып, негізгі тұжырымдар ұсынылады. Осылайша, диссертацияның мазмұны мен құрылымы зерттеу тақырыбын тереңдете ашып, оның ғылыми және практикалық мәнін айқындайды.</p>
--	--	--

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сәйкес келеді;</b></li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеліп отырған тақырыптың мәнін толыққанды ашуға бағытталған. Зерттеуші исламдағы күпірліктің генезисін, этимологиялық жолдарын, теоретикалық негіздерін, шарттарын, тарихи дамуын, белгілі бір ерекшеліктерін, түрлі мектептерін және оның қоғамдық көріністерін кешенді түрде зерттеу мақсатында ғылыми талдау жүргізуді көздеген. Бұл мақсатқа жету үшін белгіленген бірқатар міндеттер айқындалып, зерттеу барысында олардың тиісті деңгейде орындалғанын диссертант нақтылап көрсеткен.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертацияның әрбір бөлімі мен тараушалары арасындағы логикалық байланыстың тиісті деңгейде сақталуы байқалады. Зерттеуші тәкфирлік ұғымның категориялық жүйесін, оның сипаттамалары мен түрлерін, тарихи дамуын және оған қойылатын критерийлерді тереңдете зерттей отырып, диссертацияның екінші бөлімінде осы ұғымның теологиялық аспектілерін және Қазақстандағы көріністерін талдайды. Алғашқы тараушаларда жасалған теориялық талдаулар мен эмпирикалық зерттеу нәтижелері арасындағы байланыс ұтымды және мағыналы орнатылған.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертант өзінің зерттеу қорытындыларын және шешімдерін қамтитын деректерге сүйене отырып, нақты дәлелдермен растаған. Тәкфирлік көзқарастарға қатысты кең ауқымды пікірлер дәстүрлі ислам қағидаларының негізінде талданып, герменевтикалық әдіс арқылы исламтанулық және теологиялық аспектілерден зерделенген. Бұл әдіс арқылы диссертант тәкфирлік мәгіндерді тереңдете зерттей отырып, дәстүрлі исламға қайшы келетін радикалды ағымдардың қауіптері мен адасу аспектілерін сыни тұрғыдан ашып көрсеткен. Зерттеу барысында алынған нәтижелер әдебиеттерде бұрын айтылған пікірлермен салыстырмалы талдау арқылы тереңдетіліп, бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <b>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b></li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелерге салыстырмалы түрде ішінара жаңа деп баға берілді. Бұның себебі тәкфирлік ұстанымдар, әсіресе тәкфиризмнің идеологиясының қалыптасуы мен таралуы алғышарттары, ислам ғалымдарының күпірлікпен айыптаудан сақтандыру және оның критерийлері отандық басылымдарда да жиі қолға алынды. Дегенмен ислам шариағындағы тәкфирлікке қатысты құқықтық нормалардың ерекшеліктерін кеңінен айқындауын және тәкфирлікке қатысты діни нормативтік шарттарды, тұлғадағы психо-</p>



		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?  1) толығымен жаңа;  2) <b>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</b>;  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>теологиялық категорияларды нақтылап көрсету деректерін және өзге де шығарылған ғылыми нәтижелерді толығымен жаңа деп есептеуге негіз бар.</p> <p>Диссертацияның нәтижелері кейбірі жартылай, ал кейбірі толықтай жаңа болып табылды, сондықтан жалпы түрде олар ішінара жаңа ретінде бағаланды. Тәкфирлік ұстанымдары мен сипаттамалары бұрынғы зерттеулердегі пікірлер мен қорытындыларды қоса алғанда, ішінара жаңа ретінде мойындалды. Одан басқа, теориялық зерттеулерден шыққан қорытындыларды жартылай жаңа деп таныдық. Алайда, толығымен жаңа қорытындыларды эмпирикалық зерттеулердің нәтижелеріне байланысты деп айтуға болады.</p>
--	--	---	--

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы <b>25%-дан кем</b>).</p>	<p>Диссертация жұмысы әлеуметтік ғылымдар саласында жүргізілгендіктен, техникалық, технологиялық, экономикалық, немесе басқару шешімдеріне тікелей қатысы жоқ.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауында қарастырылған мәселелер бойынша жеткен негізгі қорытындылар ғылыми дәлелдермен нығайтылған. Олардың көпшілігі теориялық саралауларға және диссертанттың тәжірибелік жұмысы мен эмпирикалық зерттеулердің көрсеткіштеріне сүйенген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар	<p>Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденді ме?  1) <b>дәлелденді</b>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;</p>	<p>7.1 Диссертация жұмысында докторант нақтылаған әр тұжырым жеткілікті деңгейде дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертация жұмысының тұжырымдары тривиальдыға жатпайды. Диссертант ережелерді ғылыми тәсілмен кең қарастырып негіздеген.</p> <p>7.3 Диссертация жұмысында қалыптастырылған тұжырымдар әдеттегідей</p>

	<p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b>жоқ</b>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>ішінара жаңа ретінде сипатталады. Бірінші тұжырымда «такфиризм» ұғымы мен феноменінің қауіпті діни-танымдық үрдістері ашылған. Екінші тұжырымда Қазақ даласындағы Матуриди мектебіне тән тәуил теориясының тиімділігі анықталған. Үшінші тұжырымда такфиризмнің зайырлы қоғам үшін қауіптілігі баяндалған. Төртінші тұжырымда такфиризм феномені алғаш рет кең көлемде зерттелген. Бесінші тұжырымда такфиризмге қатысты терминдердің мағынасы нақтыланған. Алтыншы тұжырымда күпірлікке байланысты айыптау әрекеттері шариғат тұрғысынан талқыланған. Жетінші тұжырымда экстремизм мен радикализмге қатысты жаза өтеушілер мен «Жусан» бағдарламасы арқылы елге қайтарылған азаматшалардың көзқарасы, пікірлері, ұстанымдары, идеологиялары және мәзһабтық сипаттамалары айқындалған. 7.4 Диссертациялық тұжырымдардың теориялық және практикалық қолдану деңгейі «кең». Нақты айтқанда, ағалған зерттеудің ғылыми нәтижелері, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес және оның алдын алу бойынша мемлекеттік деңгейде жүргізілетін бағдарламаларды жобалауға атсалысатын арнайы органдар тарапынан кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, деструктивті бағыттарды ұстанатын ағым өкілдерімен және</p>
--	--	---

		<p>3) бұл тұжырымда мақаладағы тұжырымның дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>олардың іс-әрекеттерінен зардап шеккен адамдармен жұмыс істейтін, тақфиризмнің қауіп-қатерлерін ашып көрсететін мекемелер мен ұйымдардың қызметінде де бұл нәтижелерді қолдануға болады.</p> <p>7.5 Диссертацияда көрсетілген тұжырымдар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидағы мен Дереккөздер ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертация жұмысында әдістемелік шешімдер жете негізделген. Зерттеу процесінде қолданылған тәсілдер мен талдаулар сапалық зерттеу әдістеріне сүйенген. Диссертацияда мәтін талдауы мен эмпирикалық зерттеулерден алынған ақпараттар басым түрде пайдаланылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық ғылыми жұмыс нәтижелеріне компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып қол жеткізілген. Зерттеу жұмысында бейнеленген 4 диаграмма соның айғағына жатады.</p>

<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b>жоқ.</b></p>	<p>Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпеді. Теориялық қорытындылар эмпирикалық зерттеулермен дәлелденіп расталды.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертацияда келтірілген барлық пікірлер шетелдік және жергілікті ғалымдардың араб, түрік, ағылшын және қазақ тілдеріндегі іргелі еңбектеріне сілтеме жасау арқылы расталған.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертант зерттеу барысында аталған саладағы жарияланған әдебиеттерді жан-жақты талдау жасап, ғылыми еңбектерге кеңінен шолу жасаған. Ол тарихи, теориялық, негіздемелік сондай-ақ классикалық және қазіргі заманғы еңбектерді қамтиды. Атап айтқанда, тәкфирлік ұстанымдарды негіздеуші авторлардың еңбектеріне ерекше назар аударған, бұл диссертацияның тақырыбының өзектілігін</p>

			арттырып, ғылымға қосқан жеке үлесін айқындаған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <b>бар;</b> 2) <b>жоқ.</b></p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия;</b> 2) <b>жоқ.</b></p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) <b>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның теориялық құндылығы жоғары деңгейде бағалануға лайық. Зерттеу арқылы алынған нәтижелер тақфиризмнің қалыптасуы, анықтамасы, алдын ала шарттары, діни-құқықтық аспектілері, генезисі, критерийлері, ерекшеліктері және оның салдарларын тереңдете түсінуге мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертацияның практикалық құндылығы жоғары. Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелер мен қорытындылар, экстремизм мен терроризмді алдын алу және оған қарсы тұру жұмыстарын жүзеге асыратын мемлекеттік және қоғамдық мекемелер мен ұйымдар үшін айтарлықтай маңызды болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды ішінара жаңа деуге болады. Нақты айтқанда, отандық ғылыми басылымдарда тақфирлік ұстанымдарды анықтау, алдын алу, қарсы күрес тәсілдерін жетілдіру, осы тұрғыдан Матуриди мектебінің рөлі мен ерекшеліктері белгілі бір деңгейде қарастырылып келді.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациядағы академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Диссертант теориялық және классикалық деректерді зерттеуде ғылыми әдіснама мен стильді қолданып, нақтылы түрде баяндаған. Зерттеу жұмысы ғылыми стандарттарға сай тілде жазылған. Сондай-ақ, ғылыми айналымда қазақ тілінде жиі кездеспейтін терминдерге арнайы анықтамалар мен аудармалар қосылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыстың қорытынды бөлімін талапқа сай жазылуын қадағалаған дұрыс. Әр тараудың соңындағы тұжырымдарының берілуін де талапқа сай еткен жөн. Отандық ғылыми әдебиеттердің үлес салмағын арттырған дұрыс.

есми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шоқай Еркінбек Керімбекұлының «Такфиризм идеологиясы: тарихи қалыптасуы және теологиялық аспектілері» ақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін берілсін.

Ресми рецензент:  
СДУ университеті,  
Қауымдастырылған профессор,  
PhD доктор

Қ.С. Бағашаров



15

